

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ



«Бекітемін»

Мектеп директоры

А.Камбаров

«Келісемін»

Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары

А.Дюсенова А.Дюсенова

МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА, ИНФОРМАТИКА
ПӘНДЕРІ БОЙЫНША
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Бірлестік жетекші:.....

М.К.

Математика, физика, информатика пәндері бірлестігінің жұмыс жоспары

Тақырыбы:

«Оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып оқу үрдісін ізгілендіру»

Мақсаты:

1. Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру.
2. Оқушыларға стандартқа сәйкес білімді беріп қана қоймай, оқушылардың математикалық-функционалдық сауаттылығын және жаратылыстану ғылымдарындағы құзырлылығының қалыптасу дәрежесінің жоғары болуына ықпал жасау.
3. Мұғалімдердің барлық жұмыс түрлерін жүйелеу.
4. Әдістемелік жұмыстарды және мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін арттыру жұмыстарын ұйымдастыру.
5. Оқу бағдарламаларын жоспарлау және нақтылау.
6. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен түрлерін енгізу және тәжірибе алмасу.

Міндеттері:

- 1) Жалпыға міндет стандартқа сәйкес оқу бағдарламасының талаптарын орындау;
- 2) Әдістеме бірлестігі мен мектеп көлеміндегі тақырыптарды оқытудың жаңа технологияларының әдістерін сабаққа енгізу, талдау және дамыту арқылы іске асыру;
- 3) Мұғалімдердің білімдерін жетілдіруге арналған оқу семинарларын ұйымдастыру;
- 4) Семинарларға, педагогикалық оқу, т.б. іс-шараларға қатысу.
- 5) Оқушыларды математика, физика, информатика жетістіктерін пайдалана отырып, өндірістік экономикалық және қорғаныс потенциалын арттыруға нарықтық қатынастар жағдайында өз бетінше шешім қабылдауға және ізденіп, зерттей білуге, сандық технологияларда құзырлылық танытуға үйрету.
 - көрнекі-бейнелік және логикалық ойлауды, оқу уәжін, өздігінен білім алу қабілетін, ғылыми тілде сөйлеуді, талдау мен дәлелдеулер жүргізу және қарапайым зерттеу есептерін шығару біліктігін қалыптастыру;
 - тұлғаның интеллектуалдық қасиеттерін (логикалық ойлау, интуиция, танымдық қызығушылығын, өздігінен жұмыс атқару, жігерлілік және т.б.) дамытуға бағытталған алгебраның базистік негізін сапалы меңгертуді қамтамасыз ету;
 - оқушыларды математика, физика, информатика ғылымының түрлі даму кезеңдерінде жинақталған құндылықтарға қатыстыру;

№	Жұмыстың тақырыбы	Жұмыстың мақсаты	Жұмыстың түрі	жауаптылар
тамыз				
1	2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестік жоспарын, күнтізбелік жоспарларды, бағдарламаларды бекітуге ұсыну.	Әдістемелік нұсқау хатпен танысу. Күнтізбелі жоспарлардың мемлекеттік стандартқа сай болуын бақылау	Тексеру, бекітуге ұсыну	ӘБ жетешісі
2	Мұғалімдердің өз біліктілігін арттыру тақырыбын анықтап, бекіту	Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасау	Талдау, бекіту	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
3	ҰБТ, ОЖСБ-ға, PISA, TIMSS-ке дайындық кестесін жасау, жоспарын құру. бекітуге ұсыну	Жоспарлардың талапқа сай болуын анықтау	Тексеру, бекітуге ұсыну	ӘБ жетешісі Пән мұғалімдері
4	Жас мамандарға тәлімгер тайғындау, жұмыс жоспарын жасау	Жұмыс жоспарларын бекіту, тәлімгерлер тағайындау	Тәлімгерлерді тағайындау	ӘБ жетешісі Тәлімгерлер
қыркүйек				
5	О-дік бақылау кесіндісін алу	Оқушылардың білім сапасын анықтау	Талдау, сараптама	Пән мұғалімдері
6	Дарынды оқушыларды анықтау, жұмыс жоспарын жасау	Олимпиадаға резерв даярлау	Талдау, сараптама	Пән мұғалімдері
қазан				
7	Бақылау жұмыс дәптерлерінің сапасын тексеру	Бағдарламалық талаптардың орындалуы	Бақылау	ӘБ жетешісі
8	11 сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын тексеру	Оқушылардың дайындығын қадағалау	Бақылау	ӘБ жетешісі Пән мұғалімдері
9	9 сынып оқушыларының ОЖСБ, PISA-ға дайындық жұмыстарын тексеру	Оқушылардың дайындығын қадағалау	Бақылау	ӘБ жетешісі Пән мұғалімдері
10	8 сынып оқушыларының айқанатқа дайындық жұмыстарын тексеру	Оқушылардың дайындығын қадағалау	Бақылау	ӘБ жетешісі Пән мұғалімдері
11	Республикалық «Ақбота» интеллектуалды марафонына оқушыларды қамту	Дарынды оқушылармен жұмыс	Білім сайысы	ӘБ жетешісі Пән мұғалімдері
12	«Жыл мұғаліміне» қатысатын мұғалімдерді анықтау	Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасау	Кәсіби сайысы	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
қараша				
13	I тоқсан қорытындысы	Мемлекеттік стандарттың орындалуы	Салыстырмалы сараптама	ӘБ жетешісі
14	Тренинг. «Сындарлы оқыту теориясы негізіндегі интерактивті әдістер математикада»	Тәжірибе алмасу	Пікірталас	Алтаева А.Қ.
15	Мектепшілік пән олимпиадасын	Дарынды оқушылармен	Білім сайысы	ӘБ жетешісі

	ұйымдастыру	жұмыс		Пән мұғалімдері
16	Қалалық пән олимпиадасына оқушы дайындау, қатыстыру	Дарынды оқушылармен жұмыс	Білім сайысы	ӘБ жетекшісі
17	Математика, физика, информатика пән бірлестігінің апталығы	Өзара іс-тәжірибе алмасу	Іс-шаралар өткізу	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
18	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің шығармашылық есебі	Тәжірибе алмасу,	Іс-шаралар өткізу	Пән мұғалімдері
19	Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың жүргізілуін тексеру	Қосымша сабақтардың өткізілуін бақылау	Анықтама	ӘБ жетекшісі

желтоқсан

20	Мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттың орындалуын бақылау	Талаптардың орындалуын тексеру	Анықтама	ӘБ жетекшісі
21	II тоқсан қорытындысы	Мемлекеттік стандарттың орындалуы	Салыстырмалы сараптама	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
22	Жас мамандар мен тәлімгерлердің есебі.	Жоспардың орындалуын тексеру	Анықтама	Тәлімгерлер
23	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің шығармашылық есебі	Тәжірибе алмасу,	Іс-шаралар өткізу	Пән мұғалімдері

қаңтар

24	Тренинг. «Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлардың құрылымы»	Жаңа технологияларды насихаттау	Тренинг	ӘБ жетекшісі
25	Қалалық пән олимпиадасының қорытындысы	Жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, талдау	Талдау, сараптама	ӘБ жетекшісі
26	ҰБТ, ОЖСБ-ға, PISA -ға дайындық жұмыстарын тексеру	Оқушылардың дайындығын қадағалау	Бақылау	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
27	Бақылау кесіндісін алу	Оқушылардың білім сапасын анықтау	Талдау, сараптама	Пән мұғалімдері

ақпан

28	Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың жүргізілуін тексеру	Қосымша сабақтардың өткізілуін бақылау	Анықтама	ӘБ жетекшісі
29	Бақылау жұмыс дәптерлерінің сапасын тексеру	Бағдарламалық талаптардың орындалуы	Бақылау	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері

наурыз

30	Мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттың орындалуын бақылау	Талаптардың орындалуын тексеру	Анықтама	ӘБ жетекшісі
----	---	--------------------------------	----------	--------------


31	Оқушыларды «Кенгуру» интеллектуалды марафонына дайындау, қатыстыру	Дарынды оқушылармен жұмыс	Білім сайысы	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
32	Оқушыларды «КИО-2016» республикалық қашықтық олимпиадасына дайындау, қатыстыру	Дарынды оқушылармен жұмыс	Білім сайысы	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
33	III тоқсан қорытындысы	Салыстырмалы сараптама	Анықтама	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
34	Коучинг. «Талантты және дарынды оқушыларды оқыту»	Тәжірибе алмасу	Пікірталас	ӘБ жетекшісі
35	«Үздік портфолио» байқауына қатысу	Байқау	Сараптама	Пән мұғалімдері

сәуір

36	Сыныптан-сыныпқа көшу емтиханның материалдарын қарау, бекітуге ұсыну	Материалдарды сараптау	Тексеру	Пән мұғалімдері
37	ҰБТ-ге дайындық жұмыстарын тексеру	Оқушылардың дайындығын қадағалау	Бақылау	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
38	Пән кабинеттерінің байқауына қатысу	Байқау	Іс-шаралар ұйымдастыру	Кабинет менгерушілері

мамыр

39	IV тоқсан қорытындысы	Салыстырмалы сараптама	Анықтама	ӘБ жетекшісі
40	ӘБ жылдық қорытындысы	Есеп беру	Сараптама	ӘБ жетекшісі
41	2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің апталық жүктемесін бөлу. Кәсіптік рейтингтің қорытындысы	Жүктемелерді бөлу. Кәсіптік рейтингтің қорытындысын шығару	Кесте	ӘБ жетекшісі
42	2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын құру, қарау	Жоспар құру	Жоспар	ӘБ жетекшісі

Бірлестік жетекші: 

I. Жалпы ережелер

Әдістемелік бірлестік білім мекемесіндегі (БМ) әдістемелік қызметтің негізгі құрылымдық бөлігі болып табылады. Әдістемелік бірлестік бір немесе бірнеше бағыттас пәндер бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік және сыныптан тыс жұмыстарды жүргізеді.

Әдістемелік бірлестік бір пән немесе бірнеше бағыттас пәндер бойынша құрамында кемінде 5 мұғалім болған жағдайда құрылады. Әдістемелік бірлестіктерді құру, олардың санына, құрамына өзгерістер енгізу мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Әдістемелік бірлестіктер тікелей директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарына бағынады.

II. Әдістемелік бірлестіктің міндеттері мен қызмет бағыттары

Әдістемелік бірлестік төмендегідей міндеттерді шешу үшін құрылады:

- пән бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастыру және жүргізу;
- сабақ беру әдістемесін жетілдіру;
- мұғалімдердің педагогикалық біліктілігін көтеру;
- педагогикалық эксперименттерді жүргізу.

Әдістемелік бірлестіктің негізгі жұмыс түрлері:

- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің проблемалары бойынша педагогикалық эксперименттерді өткізу және олардың нәтижесін білім процесіне енгізу;
- оқу-әдістемелік мәселелер бойынша мұғалімдердің шығармашылық есептері, дөңгелек үстел, кеңестер, семинарлар т.б.;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің мәселелері бойынша әдістемелік бірлестіктердің отырыстары;
- пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар;
- оқыту және тәрбиелеу әдістемесі, жалпы педагогика және психология мәселелері бойынша лекциялар, баяндамалар және дискуссиялар;
- озат педагогикалық тәжірибені және басқару құжаттарының талаптарын зерттеп, оқу-тәрбие процесіне енгізу;
- пән және әдістемелік апталықтарды өткізу;
- өзара сабаққа ену;
- оқу сабақтарының өткізу сапасын бақылау.

Әдістемелік бірлестік қызметінің негізгі бағыттары:

- пәндер бойынша білім деңгейінің қорытындыларын талдау;
- оқу жоспарының вариативтік бөлімдерін жасауға қатысу;
- оқу бағдарламаларындағы минимал көлем мен мазмұнға қойылатын талаптарға өзгерістер енгізу;
- оқу әдістемелік және дидактикалық материалдарды талдау;
- пәндер бойынша ашық сабақтар және ашық сыныптан тыс іс-шаралар өткізу;
- пәндерді оқыту әдістемесі бойынша баяндамалар дайындау және талқылау;
- оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау және бақылау мәселелерін қарастыру;
- оқытудың жаңа технологияларын іздеу және енгізу бойынша педагогикалық эксперименттерді ұйымдастыру және жүргізу;
- оқу пәндерін өту әдістемесін жетілдіру және тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік бірлестік ішінде және әдістемелік бірлестіктер арасында өзара сабаққа енуді ұйымдастыру;
- пәндер бойынша сайыстар, олимпиадалар, жарыстар өткізу туралы ережелер жасау.

III. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы

Әдістемелік бірлестікті бірлестік мүшелерінің келісімімен тәжірибелі ұстаздар тарапынан таңдалған төраға басқарады. Төрағаны БМ директоры тағайындайды.

Әдістемелік бірлестіктің жұмысы жылдық жоспар негізінде іске асырылады. Жоспар әдістемелік бірлестіктің төрағасы тарапынан құрылады, әдістемелік бірлестіктің отырысында қарастырылады, директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарымен келісіліп, мектеп директорымен бекітіледі.

Әдістемелік бірлестіктің отырысы тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі. Отырыстың мерзімі, өтілу орны туралы төраға дер кезінде директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарына хабарлау керек. Қаралып отырған әр мәселе бойынша ұсыныс қабылданып, ол хаттама журналына жазылады. Ұсыныстар әдістемелік бірлестік төрағасының қолымен бекітіледі.

IV. Әдістемелік бірлестіктің құжаттары

1. ӘБ төрағасын тағайындау туралы бұйрық.
2. Әдістемелік бірлестік туралы ереже .
3. Өткен оқу жылының жұмысын талдау.
4. Әдістемелік жұмыстың тақырыбы, оның мақсаты, негізгі бағыттары және жаңа оқу жылының міндеттері.
5. ӘБ жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары. .
6. ӘБ мұғалімдері туралы мәліметтер.
7. ӘБ мұғалімдерінің өз білімін жетілдіру тақырыптары туралы мәліметтер.
8. ӘБ мұғалімдерінің біліктілігін көтеру кестесі.
9. ӘБ мұғалімдерін аттестациялаудың перспективті жоспары

10. Пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар өткізу кестесі
11. Оқу бағдарламалары .
12. Пән апталықтарының жоспары.
13. Жас маманмен жұмыс жоспары.
14. Пән бойынша алынған бақылау жұмыстарының қорытындылары.
15. Мектепшілік бақылау (анықтамалар, диагностика).
16. ӘБ отырыстарының хаттамалары.

V. Әдістемелік бірлестіктің құқықтары

Әдістемелік бірлестіктің құқығы бар:

- мұғалімдердің біліктілік разрядтарын көтеру туралы ұсыныс дайындауға;
- мектепте оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныс беруге;
- ӘБ-те жиналған озат педагогикалық тәжірибе материалдарын жариялау туралы мәселені қоюға;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша директор орынбасарларынан кеңес алуға;
- мұғалімдердің аттестациясын ұйымдастыру және мазмұны бойынша ұсыныстар беруге;
- ӘБ тарапынан «Жыл мұғалімі» сайысына мұғалімдерді ұсынуға.

VI. Әдістемелік бірлестік қызметін бақылау

Әдістемелік бірлестіктің қызметі мектеп директоры және оның орынбасарлары тарапынан бақыланады. Бақылау мектептің әдістемелік жұмысы және мектепшілік бақылау жоспарларына сәйкес жүргізіледі.

Мектептегі әдістемелік жұмыстың оқу жылына арналған жұмыс жоспары

2.1.Өткен оқу жылына жасалған талдау

1. Өткен оқу жылының мақсат-міндеттері және олардың жүзеге асырылу барысы.
2. Жетістіктер мен кемшіліктер және олардың себеп-салдарлары.

2.2.Әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттері

1. Әдістемелік апталықтар мен түрлі іс-шараларды сапалы өткізу, оның педагогтардың кәсіби біліктілігі мен әдістемелік шеберлігін жетілдірудегі ролін арттыру.
2. Жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдана отырып, барлық сабақтар мен сыныптан тыс шараларды жоғары әдістемелік деңгейде өткізу.
3. Өзара тәжірибе алмасу жиындарын өткізе отырып, жас мамандардың кәсіби қалыптасуын қамтамасыз ету.
4. Оқытудың белсенді әдіс-формалары мен тиімді технологияларын іздестіре отырып, тәжірибе-сынақтар жүргізу.
5. Жаңа оқу-тәрбиелік, ғылыми әдістемелік дидактикалық материалдар мен оқу құралдарын жасай отырып, инновациялық білім беру процесін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету
6. Оқу-тәрбие процесін жетілдіру барысын талдай отырып, шығармашыл мұғалімдердің озат тәжірибелерін зерттеу, жалпылау және тарату.
7. Мектеп бітірушілердің білімдерінің ғылыми базасын нығайта отырып, таңдаған пәні бойынша жоғары оқу орнына түсуіне бағытталған дайындық жұмыстарын күшейту.
8. Оқушылардың бойында жоғары моральдік және адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, оларды кешенді тәрбиелеу бағдарламаларын жетілдіру.

2.3.Ұйымдастырушылық-әдістемелік нұсқаулықтар

1. Мектептегі әдістемелік жұмыстарды облыстық білім департаменті мен аудандық білім бөлімінің бұйрықтарын, өткен оқу жылының қорытындыларын басшылыққа ала отырып жоспарлау және ұйымдастыру.
2. Әдістемелік кеңес отырыстарын жоспарлы түрде тоқсанына бір рет өткізу:
 - 2.1. Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың қорытындысы және жаңа оқу жылының міндеттері – қыркүйек.
 - 2.2. Әдістемелік және пән апталықтарын өткізе отырып, жаңа технологияларды қолдану бағытындағы озат педагогикалық тәжірибені тарату – қараша.
 - 2.3. Оқушылардың шамадан тыс оқу жүктемелерін азайту арқылы білім сапасын арттыру жолдары – қаңтар.
 - 2.4. Оқытудың тиімді технологияларын мектеп практикасына ендіру бағытындағы тәжірибе-сынақ жұмыстарының алғашқы нәтижелері мен оның себеп-салдарлары – наурыз.
3. Әдістемелік апталықты ақпан айында өткізу.
4. Әдістемелік бірлестіктердің алғашқы жоспарлау отырыстарын төмендегіше өткізу:
 - 1.Бастауыш сынып мұғалімдері бірлестігі бойынша – 28-29 тамыз.
 - 2.Гуманитарлық пәндер бірлестігі бойынша – 1-3 қыркүйек.
 - 3.Жаратылыстану пәндері бірлестігі бойынша – 5-7 қыркүйек.
5. Бірлестіктердің алғашқы жоспарлау отырыстарында мына мәселелерді қарау:
 - 5.1. Оқу және әдістемелік жұмыстардың қорытындылары, оқыту процесін жетілдіру жолдары.
 - 5.2. Оқу-тәрбие процесін бақылау қорытындылары, өзара сабақтарға енуді жоспарлау.
 - 5.3. Сабақтардың әр түрлі типтері мен формаларын өткізу ерекшеліктері мен әдістемесі.
 - 5.4. Оқытудың интерактивті әдістері мен белсенді формаларын іздеу мен тәжірибеге ендіру.

- 5.5. Білім беру процесіне оқытудың тиімді технологияларын ендіру проблемалары мен негізгі жолдары.
6. Бірлестік отырыстарын тоқсанына бір рет өткізу және онда мына мәселелерге назар аудару:
- 6.1. Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын сапалы түрде жүзеге асыру және оны дидактикалық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.
 - 6.2. Озат тәжірибе мектебінің жұмысын жоспарлай отырып, жаңашыл және тәжірибелі мұғалімдердің озат тәжірибесін зерттеу, жалпылау және тарату.
 - 6.3. Жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру туралы нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып, сабақтарды әдістемелік қамтамасыз ету.
 - 6.4. Жаңаша оқыту жүйелерін зерттей отырып, оқытудың тиімді технологияларын мектеп тәжірибесіне сатылап ендіру.
 - 6.5. Нормативтік актілерді оқып-үйрене отырып, мектеп құжаттарын толтыруда бірыңғай талаптарды басшылыққа алу.
 - 6.6. Психология мен педагогика және пәнді оқыту әдістемесі бойынша әдебиеттерге шолу жасай отырып, мұғалімдердің өз білімін жетілдіруіне үнемі ықпал ету.
 - 6.7. Мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми қоғамдарын құра отырып, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүйелі жүргізуді ұйымдастыру.
 - 6.8. Мұғалімдердің қажеттіліктері мен сұраныстарына диагностика жүргізе отырып, өзара тәжірибе алмасу семинарлары мен оқуларын өткізу.
 - 6.9. Білім сатысы оқуларынан өту жоспарын жасай отырып, мұғалімдердің біліктілік санаттарын көтеруде жүзеге асыру.
 - 6.10. Ақылшы ұстаздар тағайындай отырып, жаңадан келген және жас мамандармен жүргізілетін жұмыстарды жандандыру.
 - 6.11. Жаңа бағдарламалар әзірлеу және оқыту технологияларын ендіру бағытындағы тәжірибе-сынақ жұмыстарын жүргізу.
 - 6.12. Қосымша білім беру бағдарламаларын дайындай отырып, сыныптан тыс үйірме жұмыстары мен факультативтерді ұйымдастыру.
7. Мектепшілік “Жыл мұғалімі”, “Сынып жетекшісі”, “Пән кабинеті” байқауларының I туры қарашада, II туры қаңтарда өткізу.
8. Пән апталықтарын төмендегіше ұйымдастырып, өткізу:
- 8.1. Қазақ тілі мен әдебиеті – қыркүйек.
 - 8.2. Математика – қазан.
 - 8.3. Тарих және қоғамдық пәндер – қараша.
 - 8.4. Физика және астрономия – желтоқсан.
 - 8.5. Орыс тілі мен әдебиеті – қаңтар.
 - 8.6. Химия және биология – ақпан.
 - 8.7. Бастауыш сыныптар – наурыз.
 - 8.8. Ән-әуез және бейнелеу – сәуір.
 - 8.9. Дене тәрбиесі, АӘД және технология – мамыр.
9. Оқу-тәрбие процесін жетілдіру бағытындағы іс-тәжірибелерді дер кезінде талдап, жалпылап, тарату үшін бірлестік отырыстарында қарастырылған материалдар мен қабілданған шешімдерді мектеп директорының ғылыми-әдістемелік орынбасарына уақтылы өткізіп отыру.
10. Пәндік және әдістемелік апталықтарды өткізу барысын бақылауды мектеп директорының ғылыми-әдістемелік орынбасарына міндеттеу.

- оқытудың нәтижесі оқушының сапалық білімін тексеру арқылы іске асырылады.

Әдіс бірлестігінің негізгі бағыты

- әр пән бойынша оқытуды талдау қорытындысымен;
- оқытудың ең төменгі стандарт көлемін сақтау және өзгерту енгізуге вариативті жоспар құру;
- өз пәні бойынша интегрленген оқу бағдарламасын ұсынуға болады;
- пән бойынша ашық сабақ және сабақтан тыс ашық іс-шаралар орындалады;
- ғылыми жұмыстар ұйымдастырылып оны өткізу;
- оқытудың көрнекілігін көтеру мақсатында терминалды және дисплейлі комплекс, макет, стенд, диафильм т.б. әдістемесін жасап, оны өткізуге болады;
- сабақта автоматтанған диалогты система, көрсетімді-оқытуды т.б. комплексті пайдалану;
- тәжірибе алмасу мақсатында, басқа әдіс бірлестігінің сабақтарына өзара қатысу;
- тәжірибесі аз және жас педагогтерге тәлімгерлік жұмысты ұйымдастыру;
- пән бойынша түрлі конкурс, олимпиада, жұмыс өткізудің жалпы ережесі жасалады;

Әдіс бірлестігінің жұмысы

Әдіс бірлестігін басқаруға мектеп директоры басқа барлық мүшелерімен келісе отырып, тәжірибелі ұстазды тағайындайды.

Әдіс бірлестігінің жұмысы оқу жылында белгіленген жоспарға сәйкес жүргізіледі. Ол жоспарды әдіс бірлестігінің бастығы құрып, отырыста қаралып, оқу ісінің меңгерушісімен келісе отырып, мектеп директоры бекітеді.

Әдіс бірлестігінің отырысы әр тоқсанда бір рет өткізілуі тиіс. Оның мерзімі мектеп басшыларымен келісіледі. Талданған мәселе бойынша тиісті ұсыныстар протоколға жазылады.

Әдіс бірлестігінің құжаттары

Төмендегі құжаттар қажет:

1. Әдіс бірлестігін ашу жайлы бұйрық;
2. Әдіс бірлестігінің бастығын тағайындау бұйрығы;
3. Әдіс бірлестігінің жалпы ережесі;
4. Мұғалімдердің ондағы атқаратын міндеті.

Басқару этикеттері

- Жақсы бастық қандай өзі?
- Этикет – халықаралық тілдің қорға енуі (Людвик XIV ғасыр думанды ресми түрде өткізу) Адамдар арасындағы қарым-қатынас қағидасы.
- Этинет ережелері
- Өзін-өзі қолға алу
- Өзара түсінушілік
- Жақсы басшы – табыс кепілі
- Басшыға мектебі - әркім өзінің нақты тапсырмасын, міндетін білу керек
- Өзге жұмысына жиі араласпау
- Сабырлы, салмақты болу - өте жақсы қасиет.

Мектептегі әдістемелік жұмыстың мазмұны мен түрлері

Қазіргі кезеңде мектептің әдістемелік жұмыстарын сарапқа салып отырғанда оның шексіз де шетсіз бағыттарын, маңызды да ауқымды мазмұнын еске алып, мектептану ілімінің осы салада бағдар беретін дәрежедегі құқықтық ережелердің болуы керек екенін мойындаймыз.

Аталған ереже мектепте жүргізілетін сан түрлі жұмыста мектеп басшысының қателіктерге ұрынбауына, әдістемелік жұмыстың ішкі мазмұны мен құрылымын түсінуге көмектесер еді.

Қазіргі кезеңде мектептегі әдістемелік жұмысты тұтастай алып қарау керек, ғылым жетістіктері мен озат педагогикалық тәжірибе өзара тығыз байланыстағы нәтиже, ал бұның өзі кәсіби білімі мен практикалық икем дағдысы жоғары мұғалімдер мен оқушылар ұйымының, мектеп әкімшілігінің бірлескен жұмысының көрсеткіші. Сондықтан тұтас түрдегі дамыған жүйе ретінде алынатын әдістемелік жұмыстың өзара байланысқан компоненттері бар. Бұған оның мақсаты, міндеті, мазмұны, әдістері, түрі, шарты, нәтижесі жатады. Бұл жүйеде маңызды роль атқаратын басшылар мен мұғалімдер, бұлар жоғарыдағы компоненттерді жүйелі бір мақсатта, бірлескен ынтымақтастықта іске қосса, мектептің әдістемелік жұмысының жоғары нәтижелігін жүзеге асырар еді.

Мектептегі әдістемелік жұмыстың өзіндік мазмұны бар.

Ол:

- мұғалімдердің кәсіби білімінің деңгейін көтереді;
- пәнді оқыту сапасын, оқушылар білімін, білік дағдыларының қалыптасуын, сапалы үлгерім нәтижесін беруін қамтамасыз етеді;
- педагогтық жұмыстың қиындығы кемшіліктерін анықтап, мұғалімнің іс- әрекеті мен жеке қасиетін зерттейді;
- озат тәжірибені тарату арқылы педұжымның белсенділігін арттырып, ерекше қолайлы жағдай туғызады;
- мектепшілік басқару жүйесінде адамдық факторды еске ала отырып, оқу-тәрбие жұмыстарының тиімді жүргізіліп, мектептің бүгінгі және перспективалық дамуын қамтамасыз етеді.

Мектептегі әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың кафедралық жүйесінің ережесі.

Әдістемелік кафедра әдістемелік жұмыстың тиімділігін арттыратын, мазмұнын көтеретін, мектеп дамуының көкжиегін анықтайтын бір не бірнеше пән мұғалімдерінің бірлескен ұйымы. Кафедра бір пәннен сабақ беретін кемінде үш адамнан артық жағдайда ғана құрылады. Көп жағдайда тілшілер, политехникалық цикл және бастауыш сынып кафедрасы түрінде болады. Кафедраның іс әрекеті кәсіби ұйымдар сияқты оқу-тәрбие процесін бақылауда, педагогикалық анализ беруде, жоспарлауда, мектеп міндеті мен проблемасының әлеуметтік сұраныстың орындалуын ұйымдастыру мен реттеуде айқын көрінуі керек. Тексерудің бағытталуы мен реттелуі кафедраның маңызды міндеттерінің бірі.

Кафедралық жүйенің мақсаты:

Мұғалімнің іс-әрекетін ғылыми деңгейде жетілдіру, бағыттау, үйлестіру.

Міндеттері:

1. Кафедра жұмысының ғылыми-зерттеушілік және эксперименттік функциясын қамтамасыз ету.
2. Эксперименттік, авторлық және адаптациялық бағдарламаларды талқылау, енгізу және озат тәжірибені енгізу.
3. Оқытудың жаңа технологиясын, диагностикасын жүзеге асыру.
4. Оқушыларды оқытудың тиімді нәтижесін қамтамасыз ету.

Бекітемін:

Мектеп директоры:

А.Қамбарова _____

Келісемін:

Мектеп директорының

оқу-ісі жөніндегі орынбасары:

А.Дюсенова _____

**2023-2024 оқу жылындағы математика, информатика, физика пәндері
апталығының
ЖОСПАРЫ**

Математика - ғылымдар патшасы ,

Информатика - ақпараттар ғылымы,

Физика - табиғатың патшасы.

Тақырыбы: «Әлемнің ғажайып үш тірегі»

Жаңа технология элементтерін қолдана отырып, оқушылардың математика, физика және информатика пәндері бойынша білімдерін тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Математика, физика және информатика пәндер апталығы өткізілді. Апталық барысында мұғалімдер ұйымдастырған іс-шаралар заман талабына сай ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы өтті, соның ішінде интеллектуалды сайыстар, тәжірибе жұмыстары, конференциялар, кештер. Апталық барысында негізінен оқушылардың білім сапа көрсеткішінің деңгейін бақылау мақсатында сынақ жұмыстары алынып, сараптама жасалды, ол пәннің берілуін арнайы бақылау болды.

Апталықтың өткізу уақыты: 01.04.2024-12.04.2024ж

№	Атқарылатын іс- шаралар	Мерзімі, уақыты, өтетін орны	Сыныбы	Мақсаты	Жауаптылар
1	Апталықтың ашылуы.	01.04.2024 8 ⁰⁰	8-11	Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, әсемдікке баулу. Апталыққа шақыру.	Бірлестік жетекшісі, пән мұғалімдері
2	«Статистикалық деректер және олардың сипаттамалары: арифметикалық орта, мода, медиана, құлаш» ашық сабақ	02.04.2024	6	Мұғалімнің іс тәжірибесімен бөлісу	Туленова Бибігүл

3	«Шеңбер және дөңгелек»	02.04.2024	9	Мұғалімнің тәжірибесін көрсету іс	Утенова Айгерім
4	«Алгебралық бөлшек және оның негізгі қасиеті» ашық сабақ	03.04.2024ж	7	Мұғалімнің тәжірибесін көрсету іс	Мұсақызы Айтгүл
5	«Потенциалдық энергия» ашық сабақ	04.04.2024ж	7 «Б»	Мұғалімнің тәжірибесін көрсету іс	Парманова Жанар
7	«Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу» ашық сабақ	05.04.2024ж	5 «В»	Мұғалімнің тәжірибесімен бөлісу іс	Абдымуталиева Розанна
8	«Алгебралық бөлшек және оның негізгі қасиеті» ашық сабақ	08.04.2024ж	7 «А»	Мұғалімнің тәжірибесін көрсету. іс	Садыкова Динара
9	«Озық ойлы, оқушылар» сайысы	09.04.2024ж	7-8	Дарынды, қабілетті оқушылармен жұмыс. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру	Пән мұғалімдері
10	«Тригонометрия формулалары» ашық сабақ	10.04.2024ж	9	Мұғалімнің тәжірибесін көрсету. іс	Құдайбергенов Мырзахмет
11	«» ашық сабақ	11.04.2024ж		Мұғалімнің тәжірибесін көрсету іс	Малика
12	«Әлемді бейнелеген нақты ғылымдар тақырыбында» КВН	11.04.2024ж	10-11	Дарынды, қабілетті оқушылармен жұмыс. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру	Жансұлтан
13	«Ғылымға құштар жас өрен» сайыс сабақ	12.04.2024ж	5-7	Дарынды, қабілетті оқушылармен жұмыс. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру	Пән мұғалімдері
14	Апталықтың жабылуы	12.04.2024ж	5-11	Бейнеролик	Пән мұғалімдері

**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023-2024 оқу жылындағы
әдістемелік бірлестіктің №1 хаттамасы**

Өткізген уақыты: 30.08.23 ж

Қатысқаны: 14

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылына ҚР жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
2. 2023-2024 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын бекіту
3. 2023-2024 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекіту
4. Инновациялық технологиялардың мектептегі пәндердің білім сапасын арттырудағы маңызы
5. 2023-2024 оқу жылының 01-15 сәуір аралығындағы өтетін математика, информатика, физика пәндерінің он күндігі жоспарымен таныстыру.

Тыңдалды:

* Оқу ісінің меңгерушісі А.Дюсенова. 2023-2024 оқу жылына ҚР жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

* Жаңа 2023-2024 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары талқыланды.

- 2023-2024 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекітуге көрсетті.

Шешімі:

1. 2023-2024 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын бекітілсін.
2. 2023-2024 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекітілсін.

Тыңдалды:

Кезектегі мәселе бойынша А.Мұсақызы «Инновациялық технологиялардың мектептегі пәндердің білім сапасын арттырудағы маңызы» атты баяндама жасады. Өзінің іс-тәжірибесінде күнделікті сабақтарда қолданатын әдістерін айтып өтті. Баяндама бойынша сұрақтар қойылып, оны талқылады.

Мәжілістің соңында МИФ бірлестігінің он күндік жоспары құрылды. Оған әр пән мұғалімі өз сыныбында ашық сабақтар мен сайыс сабақтар өткізуді ұйғарды.

Шешімі:

1. Жоспарға сай іс-шаралар уақытында өткізілуі әр пән мұғаліміне жүктелсін.
2. Осы шешімнің орындалуын қадағалау МИФ бірлестігінің жетекшісі А.Мұсақызына жүктелсін.

Бірлестік жетекші:
Хатшы:

А.Мұсақызы
А.Калжигитова

**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023-2024 оқу жылындағы
әдістемелік бірлестіктің №2 хаттамасы**

Өткізген уақыты: 20.10.2023 ж

Қатысқаны: 14

Күн тәртібінде:

1. Бақылау жұмыс дәптерлерінің сапасы
2. 11- сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру.
3. 9 – сынып оқушыларының ОЖСБ, PISA -ға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру.
4. 8-сынып оқушыларының айқанатқа дайындық жұмыстарын бекіту.
5. Республикалық «Ақбота» интеллектуалдық марафонына оқушыларды дайындау.

Тыңдалды:

* Мәжіліс басында оқу ісінің меңгерушісі А.Дюсенова мен бірлестік жетекші А.Мұсақызы бақылау жұмыстары әр тоқсанның соғында жазылуын және оның сапалы болуын атап айтты. Өзінің іс-тәжірибесінде күнделікті сабақтарда қолданатын бақылау жұмыс дәптерлерімен таныстырды.

* 9 – сынып оқушыларының ОЖСБ, PISA -ға дайындық жұмыстарын күшейтуді және әр пән мұғалімі өз сыныптарына арналған жоспарларын бекітуді және оған дайындық жұмыстары жандануды тапсырды.

* 8-сынып оқушыларының айқанатқа дайындық жұмыстарын ұйымдастыруды және айқанатқа алып бару , қауіпсіздігін қамтамасыз ету әр сыныптың өзінің сынып жетекшісіне жүктелетіндігі айтылды.


Республикалық «Ақбота» интеллектуалдық марафонына оқушыларды өз уақытында тіркеу және оны оқушыларды қатыстырылуын пән мұғаліміне жүктелетіндігі атап көрсетілді.

Шешімі:

- 1 . Бақылау жұмысын әр пән мұғалімі өз сыныптарына ұқыптылықпен алынуын пән мұғаліміне және оны қадағалау бірлестік жетекшіге жүктелсін.
2. 11- сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру және орындау А.Утенова мен М. Құдайбергеновқа жүктелсін.
3. 9 – сынып оқушыларының ОЖСБ, PISA -ға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру және оқушылардан әр апта сайын тест тапсырмаларын алу , дайындық жұмыстарын күшейту А.Калжигитова мен М.Құдайбергеновқа жүктелсін.
4. 8-сынып оқушыларының айқанатқа дайындық жұмыстарын ұйымдастыру және қадағалау пән мұғалімі А.Мұсақызына жүктелсін.
5. Республикалық «Ақбота» интеллектуалдық марафонына оқушыларды дайындау және ұйымдастыру Б.Туленова мен Д.Садыковаға жүктелсін.

Бірлестік жетекші:

Хатшы:



А.Мұсақызы

А.Калжигитова

**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023-2024 оқу жылындағы
әдістемелік бірлестіктің №3 хаттамасы**

Өткізген уақыты: 13.11.23 ж

Қатысқаны: 14

Күн тәртібінде:

- 1 – тоқсанның қорытындысы бірлестік жетекшісі А.Мұсақызы
2. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс
3. Мектепішілік пән олимпиадасын ұйымдастыру.

Тыңдалды:


- МИФ бірлестігінің жетекшісі А.Мұсақызы
- I- тоқсанның қорытындысы туралы айтып өтті. Әр жазба жұмыстарының сараптамасы көрсетілді. Әр сыныпта оқу жылдамдығының қорытындысы айтылды.
- Үлгерімі төмен оқушылармен жеке-дара қосымша сабақтар өткізу ұйғарылды. Дарынды балалармен жұмыс жоғары деңгейде ұйымдастыру, қабілеттерін одан әрі көтеру жұмыстары жайында айтылды.
- Мәжіліс соңында мектепішілік пән олимпиадасын ұйымдастыру және өткізуін, жұмыстарын алуын жайында айтылды.

Шешімі:

1. I – тоқсанның қорытындысы есепке алынып, білім сапасын көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Үлгерімі төмен оқушылары көп пән мұғаліміне ескерту жасалсын. Дарынды оқушылармен жұмыс күшейтілсін.
3. Осы шешімнің орындалуын қадағалау оқу ісі меңгерушісі А.Дюсенова мен бірлестік жетекшісі А.Мұсақызына жүктелсін.

Бірлестік жетекші:

Хатшы:




А.Мұсақызы

А.Калжигитова

**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023-2024 оқу жылындағы
әдістемелік бірлестіктің №5 хаттамасы**

Өткізген уақыты: 20.03.2024ж

Қатысқаны: 14

Күн тәртібінде:

1. 3 тоқсанның қорытындысы бірлестік жетекшісі А.Мұсақызы
2. Мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттың орындалуын
3. ҰБТ, ОЖСБ-ға, PISA –ға дайындық жұмыстары тексеру
4. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың жүргізілуі

Тыңдалды:


- МИФ бірлестігінің жетекшісі А.Мұсақызы тоқсанның қорытындысы туралы айтып өтті. Алдыңғы тоқсанмен салыстыра оқушылардың білім сапасы артқандығы жайында айтылды. Әр сыныпта оқу жылдамдығының қорытындысы айтылды.
- Мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттың орындалуын қадағалап бекітілген сабақ сандары мен қамтылатын тақырыптар қадағаланды.
- ҰБТ, ОЖСБ-ға, PISA –ға дайындық жұмыстары тексерілді, оқушылардың дайындығы жайында айтылды. Оқушылардың дайындығын одан әрі күшейту керектігін айтылды.
- Үлгерімі төмен оқушылармен жеке-дара қосымша сабақтар өткізу ұйғарылды. Дарынды балалармен жұмыс жоғары деңгейде ұйымдастыру, қабілеттерін одан әрі көтеру жұмыстары жайында айтылды.

Шешімі:

1. 3 тоқсанның қорытындысын есепке алынып, білім сапасын көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттың орындалуын жүргізу пән мұаліміне ал оындалуын қадағалау бірлестік жетекшіге жүктелсін.
3. ҰБТ, ОЖСБ-ға, PISA –ға дайындық жұмыстары күшейтілсін.
4. Үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жұмыстар күтейтілсін, жоспарға сай тапсырмалар орындалсын.

Бірлестік жетекші :

Хатшы:



А.Мұсақызы

А.Калжигитова

**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023-2024 оқу жылындағы
әдістемелік бірлестіктің №6 хаттамасы**

Өткізген уақыты: 27.05.2024ж

Қатысқаны: 14

Күн тәртібінде:

1. 4 тоқсанның қорытындысы бірлестік жетекшісі А.Мұсақызы
2. МИФ бірлестігінің он күндігі
3. ОЖСБ-ның нәтижесі
4. ӘБ жылдық қорытындысы

Тыңдалды:


- МИФ бірлестігінің жетекшісі А.Мұсақызы тоқсанның қорытындысы туралы айтып өтті. Алдыңғы тоқсанмен салыстыра оқушылардың білім сапасы артқандығы жайында айтылды. Әр сыныпта оқу жылдамдығының қорытындысы айтылды.
- 01-15 . 04.2024 аралығында болып өткен МИФ бірлестігінің он күндігінің өте жоғары деңгейде ұйымдастырылғандығы, оқушылардың ашық сабақтар мен сайыс сабақтарға белсенділікпен қатысқандығы көрінді. Жоспарға сай пән мұғалімдері өз уақытысында ашық сабақтарын ұйымдастырды. 15.04.2024ж он күндіктің нәтижесі жарияланып, оқушылардың белсенділігін одан әрі арттыру мақсатында сый сыйапаттар, марапаттар берілді.
- Сәуір айында болып өткен ОЖСБ-ның нәтижесі айтылып, оқушылар жоғары нәтиже көрсеткендігі жайында айтылды.
- ӘБ жылдық қорытындысы баяндалып бір жылда атқарылған жұмыстар баяндалып барлығына алғыс айтылып өз жұмыстарын уақытында орындалғандығы атап айтылды.

Шешімі:

3. 3 тоқсанның қорытындысын есепке алынып, білім сапасын көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
4. Мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттың орындалуын жүргізу пән мұаліміне ал оындалуын қадағалау бірлестік жетекшіге жүктелсін.
3. ҰБТ, ОЖСБ-ға, PISA –ға дайындық жұмыстары күшейтілсін.
5. Үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жұмыстар күтейтілсін , жоспарға сай тапсырмалар орындалсын .

Бірлестік жетекші :

Хатшы:



А.Мұсақызы

А.Калжигитова